

**Маңғыстау облыстық білім басқармасының 08.02.2022 жылғы №41-нұ
бұйрығына сәйкес Мұнайлы ауданындағы білім беру үйымдарындағы
тамақтандыру сапасына жүргізілген мониторингтың**

ХАТТАМАСЫ №7

Мониторинг уақыты: 28 сәуір 2023 жыл.

Объект: Мұнайлы ауданындағы барлық білім беру үйымдары (мектеп)

Сараптамалық топ жетекшісі : Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы - Батырбек Демократұлы

Мүшелері:

Мурадалиева Гульзада Ибрагимовна- Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімі басшысының орынбасары, сараптамалық топ мүшесі;

Марат Абзал Фабитұлы- «AMANAT» партиясы «Жастар рухы» ЖҚ Маңғыстау облыстық филиалының төрағасы, сараптамалық топ мүшесі;

Дәрібаева Райхан Сұлтанқызы- «Мұнайлы аудандық азаматтық бастама қоғамдық бірлестігі» үкіметтік емес үйымының өкілі, сараптамалық топ мүшесі;

Унгарова Алуаш Жардемовна- №1 мектептің қамқоршылық кеңесінің төрайымы, сараптамалық топ мүшесі;

Агнурова Карлыгаш Амангелдиевна- «AMANAT» партиясы Мұнайлы аудандық филиалының есепке алу және статистика секторының менгерушісі;

Мамбетова Майра Қорғанбайқызы- Мұнайлы ауданы, «Жанұя» орталығының жетекшісі;

Қаралған мәселелер:

1. Санитариялық- эпидемиологиялық қорытынды бойынша талап;
2. Мекеменің бракеражды комиссиясының жұмысын талдау;
3. Балалар тамақтанатын ыдыстардың жай-күйі;
4. Ас ішетін бөлмеге қойылатын талаптар;
5. Перспективалық мәзірге қойылатын талаптар;
6. Мәзірге қойылатын талаптар;
7. Тыйым салынған өнімдер;
8. Тәуліктік сынамаларға қойылатын талаптар;
9. Ас блогында бөгде тауарлардың сатылуына жол бермеу.

Сәуір айының 28 күні жүргізілген мониторинг қорытындысы бойынша төмендегілер анықталды:

№11 мектепте ас ішүү залында күнделікті ас мәзірі ілінбеген. Тамақтану залындағы эстетикалық безендіру төмен. №8 мектепте ас пісіру блогында бейнекамера орнатылмаған.

Мониторинг жүргізілген қалған мектептердің асханаларындағы ахуал «жақсы» екендігі анықталды. Үнемі жүргізілген мониторингтың нәтижесінде барлық асханалардың жұмысы бір қалыпқа түсіп, тазалығы жақсарып, сыйық ыдыстар жойылған. Күнделікті ас мәзірі асханаға ілінеді, тыйым салынған өнімдерді сатуға жол берілмейді.

Ескерту: Мектептің бракераждық комиссиясының жұмысын үнемі сапалы жүргізу, айна 2 рет тексеріп актын жасақтау, ыдыс-аяқты және жиһаз бен жабдықты, қойманы үнемі бақылауда ұстау, тәуліктік сынамаларды сақтау, тағамның сапасы мен сақталуын қатаң бақылауда ұстау, ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиенасы мен арнайы киіміне, медициналық тексеруден өтуіне үнемі тексеріс жүргізу, ас блогы және ас ішетін бөлмені үнемі таза ұстау, асхана ішіне безендіру жасау сияқты жұмыстарды мектеп директоры үнемі бақылауға алуы керек.

Қабылданған шешімдер:

1. Мекеменің бракераждық комиссиясының жұмысын жандандыру, әр тексерістің актын жасақтау;
2. Балалар тамақтанатын ыдыстардың жай-күйін үнемі бақылауда ұстау;
3. Ас ішетін бөлмеге қойылатын талаптарды қадағалау;
4. Перспективалық мәзірге қойылатын талаптарды басшылықта ұстау;
5. Мәзірге қойылатын талаптардың сақталуын бақылау;
6. Тыйым салынған өнімдердің сатылмауын қатаң бақылау;
7. Тәуліктік сынамаларға қойылатын талаптарды сақтай отырып, сынамаларды сақтау;
8. Ас блогында өзге тауарлардың сатылуына жол бермеу.

Демократұлы Батыrbек

Мурадалиева Гульзада Ибрагимовна

Унгарова Алуаш Жардемовна

